

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі



БЕКІТЕМІН

Директор  М.Елеушова

2026 ж. «*Ақпан*» «*17*»

Ақмола облысы білім басқармасы
жанындағы «Ж.Мусин атындағы
Көкшетау жоғары қазақ
педагогикалық колледжі» МКҚК
өзін-өзі бағалау
ЕСЕБІ

2025-2026 оқу жылы



КӨКШЕТАУ - 2026

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

- 1. Білім беру ұйымының толық атауы:** Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК
- 2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):** Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Боровской м/а, 76.
- 3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):** 8 (716) 2 32-92-42, 8 (716) 2 72-13-45, kazped@mail.ru, <http://pt0004.kokshetau.aqmoedu.kz/>
- 4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):** Елеушова Мендигул Жабаетна – педагог - сарапшы

Домендік атау: <http://kazped.edu.kz/>

1. Колледждің жалпы сипаттамасы

Ж.Мусин атындағы қазақ педагогика колледжі 1990 жылы Қазақ ССР-і Халыққа білім беру министрлігінің «Көкшетау қаласында қазақ тілінде оқытылатын педагогикалық училище ашу» туралы № 341 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған.

Ақмола облысы білім басқармасының 1995 жылғы 11 желтоқсандағы № 312 бұйрығымен Педагогикалық училище Көкшетау қазақ педагогикалық колледжі деп қайта аталды.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру» қаулысына орай оқу орнына белгілі жазушы, журналист Жанайдар Баймұрзаұлы Мусиннің есімі берілді.

2000 жылдың 1 қаңтарынан колледждің меншік түрі – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бағдарламалар администраторы – Ақмола облысының білім басқармасы.

2008 жылы 16 шілдеде заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №1223-1902-МК куәлігі алынды, заңды ұйымның атауы: Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Көкшетау қаласы, (қазақ тілінде оқытылатын) Ж.Мусин атындағы педагогика колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

2017 жылдың 17-мамырында Ақмола облысы әкімінің А-5/208 қаулысымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып атауы өзгертілді.

Бүгінгі таңда Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде 7 мамандық, 14 біліктілік бойынша педагог мамандар даярлауда:

1. 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту:

4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі

5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры

2. 01130100 Логопедия:

5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры

3. 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

4. 01140200 Музыкалық білім беру:

4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі

5. 01140500 Дене тәрбиесі және спорт:

4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі

5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры

6. 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

4S01140605 Шетел тілі мұғалімі

5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

7. 01140700 Информатика

4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры


Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі – бәсекеге қабілетті сапалы педагог кадрларды даярлауда Республикаға белгілі оқу орны. Колледж – Қазақстан Республикасының білім беру нарығындағы педагогикалық кадрларды даярлауда көшбасшылыққа, қарқынды түрде даму үстіндегі материалдық-техникалық базаға, заманауи оқыту түрлерін енгізуде инновацияларды қолданатын алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен белсенді және тең құқылы серіктестікке, оқытушылардың педагогикалық және ғылыми біліктілігін арттырудың дамыту жүйесіне ие оқу мекемесі. Колледж ұсынатын кәсіби білім беру қызметтері студенттердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алады.

Колледждің білім саласындағы қызметінің негізгі **мақсаты** – тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің алға қойған міндеттері мен талаптарына, сұраныстарына және күтетін нәтижелеріне сай келетін жоғары деңгейдегі білікті кәсіби мамандар даярлау, білім беру қызметін көрсету нарығындағы бәсекелестікке сай болу және перспективалық дамуды нығайту.

Колледж миссиясы – кәсіби құзыретті, тұлғалық үйлесімді дамыған, қоғамның әлеуметтік, этикалық, мәдени, экологиялық аспектідегі мәселелерін қоя білетін және шеше алатын, жауапкершілігі мол қызметкер бола алатын, ұжымға тез бейімделетін және бәсеке шарттары негізінде жұмыс істейтін азаматты тәрбиелеуді қалыптастыруға барынша мүмкіндік туғызу. Колледж «ашық жүйе» принципінің негізінде белсенді әрі өзара тиімді ынтымақтастықты, сонымен қатар халықаралық білім беру ұйымдарымен, кәсіби қауымдастықтармен қарым-қатынасты жүзеге асыруды басшылыққа алады.

2025-2026 оқу жылында колледжде күндізгі бөлімде 1045 студент білім алуда, оның ішінде: 991 – бюджеттік негізде, 54 – ақылы негізінде.

Студенттер контингенті туралы салыстырмалы мәлімет:



Еліміздің білім саласына кәсіби құзіретті маман дайындау, кәсіптік білім берудің мазмұны мен формасына жаңашыл өзгерістер енгізу, сапалы білімге деген жалпыға бірдей қолжетімділікті туғызу мақсатында колледждің материалдық-техникалық жағдайы жетілдіріліп, дәрісханалар, зертханалар-дың оқу-әдістемелік, дидактикалық кешендері заман талабына сай толықтырылды.

Қазіргі кезде колледжде жалпы 25 дәрісхана, 4 компьютерлік дәрісхана, 15 жеке әуез дәрісханалары, хореография және спорт залы, тир, 3 тренажер залы, релаксация және дауыс жазу студиясы, баспахана, асхана, 4 оқу залы, электрондық-ресурстық кітапхана және көпфункционалы конференц зал жұмыс істеуде. Колледждегі барлық техниканы біріктіруге локальді желіні орнату үшін сервер қойылып, колледждегі барлық компьютерлер локальді желіге қосылған. Локальді желі колледжде көптеген білім саласына арналған маңызды жұмыстарды тиімді іске асыруға көмектеседі. Осы желіні пайдалана отыра колледж дәрісханаларында 141 IP-камералары орнатылды, сонымен қатар оқу процесінің мониторинг жүйесі өте сапалы жұмыс атқаруда.

Конференц-залдың мүмкіншілігі: Конференц құрылғылары арқылы конференция немесе кез келген жиналыстың қатысушылары мен тыңдаушылары арасында тікелей қарым-қатынас орнатылады. Конференц жүйесі көмегімен әрбір қатысушы микрофон арқылы сұхбат жүргізе алады. Әрбір қатысушыға арналған жеке мониторлармен жабдықталған. Басқа колледждермен және шетелдегі оқу орындарымен тікелей байланыс жаса-лады. Бұл желіні ары қарай дамыту мақсатында колледжде кеңжақты интернет желісі пайдаланылуда және интернет желісі серверлік компьютер арқылы басқарылады. Желі арқылы жүргізілетін бағдарламалар орнатылған.

Олар:

1. «Vypress Chat» чат бағдарламасы. Бұл бағдарлама арқылы колледж әкімшілігі құжаттарды желі арқылы жедел алмасады және хабарласа алады;

2. «Кабис» кітапханаға арналған автоматтандырылған-ақпараттық жүйесі;

3. Оқу процесінің мониторинг жүйесі – бұл жүйе арқылы колледж директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың ғылыми инновация жұмысы бойынша орынбасары, оқу жымысының меңгерушісі, бөлім меңгерушілері колледждің әр дәрісханасын бейне камералар арқылы қадағалайды;

5. Локальді жүйе арқылы тестік бағдарлама бойынша студенттердің кез келген пәннен білім сапасы қадағаланады;

6. Колледж желісі қауіпсіздігін қадағалау үшін сервер арқылы басқарылатын антивирус жүйесі орнатылған;

7. Колледжде ғылыми жұмыстардың түпнұсқасының авторлық қолтаңбаға сәйкестігін тексеретін «Антиплагиат» бағдарламасы іске қосылған.

Оқу үрдісінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар, электрондық оқулықтар, мультимедиалық, лингафондық құралдары кеңінен қолданылуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының міндеттеріне сай колледжде білім берудегі менеджмент жетілдіріліп, оқу үрдісі автоматтандырылған. Ақпарат дамудың деңгейін анықтайтын ресурсқа айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару – жоғары дамудың қажетті шарты болып табылады. Колледжде жедел басқару, менеджментті жетілдіру, электрондық құжат айналымын іске асыру мақсатында локальдік жүйе (арнайы чат) тиімді пайдаланылуда. 2011 жылдан бастап колледжде оқу процесін мониторинглеудің электрондық жүйесі іске қосылған (ОПМЖ), бұл жүйе арқылы колледж директоры, директор орынбасарлары, колледж әдіскері әр дәрісхананы камералар арқылы қадағалауға мүмкіндік алады. Колледжде көп функциялы конференц-залы іске қосылған, конференц-зал мүмкіншілігі: конференц құрылғылары арқылы конференция немесе кез келген жиналыстың қатысушылары мен тыңдаушылары арасында қарым-қатынас орнатылады. Әрбір қатысушыға арналған жеке мониторлармен жабдықталған. Басқа колледждермен және шетелдегі оқу орындарымен тікелей байланыс жасалады. Республикамыздың және шетелдік оқу орындарымен тікелей байланыс жасай алынады.

Колледждің барлық қызметінің құрылымын сапа стандартына сәйкестендіру барысында ішкі ережелер, лауазымдық нұсқаулар, іс құжаттары толығымен қайта қаралып, жетілдірілді. Сапа менеджмент жүйесін енгізу білім беруді басқарудың отандық, әлемдік тәжірибелердегі озық менеджментін игеруді іске асыруға мүмкіндік береді.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына өлшемшарттар:

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК соңғы жеті жылғы кәсіби білім нарығында өз қызметін төмендегі құжаттарға сәйкес жүргізді:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» негізге алынды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 988 қаулысына сәйкес колледждің 2020 жылдың 20 қаңтардағы №4 педагогикалық кеңесінің хаттамасымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-да білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасының негізінде 2021 жылдың 19-қарашасындағы №3 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК «Білімді ұлт» Сапалы білім беру» ұлттық жобасына сай 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің 2023-2029 жылдарға арналған кәсіби педагогикалық білімді дамыту тұжырымдамасы 2022 жылдың 11 қарашасында №2 Педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітілді.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ 2025 жылдың 26 қыркүйегінде №2 Педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітілді.

Тұжырымдаманың мақсаты:

Мақсаты: Академиялық еркіндік, академиялық адалдық, студентке бағытталған білім берудің сапасын қамтамасыз етуді жаңа дейгейге көтеру; колледжде білімнің отандық және әлемдік интеграциялық байланысын жетілдіру бағытында жаңа халықаралық біріккен сартап жобаларды әзірлеу, жүзеге асыру; академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру мақсатында

студенттерді қазақстандық, шетелдік оқу орындарынан тағылымдамадан өткізу. Қазақстандық білімді әлемдік деңгейге көтеру, шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату мақсатында халықаралық аккредиттеуден өту.

Міндеттері:

– «Колледж-университет» интеграциялық ынтымақтастығын одан әрі жетілдіре беру. «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» КЕАҚ, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеттерімен, Алматы қаласы, №2 педагогикалық колледжі, Өзбекстан мемлекеті, Ташкент педагогикалық колледжі, Түркия мемлекетінің оқу орындарымен меморандумдар жасау;

– Оқу процесінде инновациялық, цифрлық білімді одан әрі дамыту жұмыстарын жетілдіру;

– Студенттердің кәсіби білімін тереңдету бағытында академиялық ұтқырлық негізінде қазақстандық, шетелдік оқу орындарымен қарым-қатынас орнатып еңбек нарығына сай маман даярлау;

– Колледж оқытушыларының ғылыми потенциалын, кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында шетелдік оқу орындарымен байланыс жасап тәжірибе алмасу.

Колледждің кәсіби педагогикалық білімді даму бағдарламасы негізінде әр оқу жылына кешенді жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, колледж басшысы бекітеді. Әр оқу жылының соңғы педагогикалық кеңес отырысында кешенді білім бағдарламасының орындалуы жөнінде есептер тыңдалады, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, жұмыс-оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, педагогикалық практика, тәрбие жоспарының орындалуы, ғылыми-инновациялық жұмыстардың орындалуы қаралады. Сонымен қатар, келесі оқу жылына колледж ұжымының ғылыми-әдістемелік тақырыбы талқыланып, бекітіледі. Биылғы оқу жылының тақырыбы «Педагог» кәсіптік стандартына сай кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз ету».

Кешенді жұмыс жоспарынан бағыттар бойынша айлық жоспарлар жасалып, жүзеге асырылады. Кешенді жылдық жоспар мазмұнына:

- өткен оқу жылдың мақсаттық индикаторлар нәтижесі мен атқарылған жұмыстардың SWOT-талдамасы;

- колледж кеңестерінің жоспарлары;

- білім стандарты мен оқу бағдарламаларын іске асыру;

- кәсіби бағдар беру және әлеуметтік серіктестіктермен жұмыс;

- ғылыми-әдіснамалық және инновациялық жұмыс;

- білім алушыларға арналған рухани-өнегелілік, саяси-әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру;

- «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары;

- әр жыл бойынша колледжді бітірушілер туралы статистикалық мәлімет енеді.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы жәнетехникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес күнделікті сабақ жоспары әзірленіп, College SmartNationбағдарламасына салынады.

4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры, 5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры, 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі, 5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі, 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры, 4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі, 5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі, 5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқытылады.Теориялық оқу,зертханалық-практикалық сабақтар жүргізіліп, оқу, өндірістік, кәсіптік практикалардан жүйелі өтіп отырады.«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды бақылауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес,аралық және қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарларына сай курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмыс жазылып, қорғалады.

2. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде жұмыс берушілердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты «Педагог» кәсіптік стандарты талаптарының негізінде 7 мамандық 14 біліктілік бойынша білім беру бағдарламалары әзірленіп, оқу процесінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартына сәйкес топтарда 24 және одан да көп білім алушылар болған жағдайда жалпы білім беру пәндерін өткізуде кіші топтарға бөлуге рұқсат етіледі:

- 1) шетел тілінде;
- 2) информатикада;

3) дене тәрбиесінде.

4) қазақ тілі (қазақ тілінің практикумы)

Сонымен қатар әр мамандықтық үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес арнайы пәндері кіші топтарға бөлінген. Мамандық бойынша әзірленген жұмыс-оқу жоспарының негізінде сабақ кестесі әзірленіп, топшаға бөлінген топтар айқындалып көрсетілген.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты 1, 2-қосымшаларына сәйкес, колледжде оқу жоспарының моделі негізінде әр біліктілікке оқу жұмыс жоспарларының әзірленді.

4. Бұл топтардағы оқу және кәсіптік практика сағаттары кәсіптік модульдің кемінде 40%-ын құрайды. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және модульдері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары даярланып, қолданысқа енді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының ТЖКОББ кадрлар даярлау бөлігі; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен 06.06.2023 № 161 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, орта білімнен кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (5-қосымшасы) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ 2025-2026 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде колледжде 7 мамандық 14 біліктілік бойынша білім беру бағдарламалары «Талап» КЕАҚ тізіліміне енгізілді.

6. Колледжде Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы №1 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 қаңтарда № 31666 болып тіркелді) негізінде 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі, 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі біліктіліктері, 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі, 4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі біліктіліктері қоғамдық-гуманитарлықбағыты бойынша

стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлеміне сәйкес міндетті жалпы білім беретін пәндер оқытылады.

7. Қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына жекелеген модульдерді енгізе отырып, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен ынтымақтастық меморандум негізінде интеграцияланған білім беру бағдарламалары жасалды. Базалық модульдер мен кәсіптік модульдер мамандық ерекшеліктеріне сай оқытылады.

8. Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерге байланысты базалық модульдер оқытылады.

9. Колледжде теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практика жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес оқу (кәсіптік дағдыларды игеру бойынша), өндірістік және дипломалды кәсіптік тәжірибе түрлері қарастырылған.

Өндірістік және кәсіптік практика блогі алты бағытта жұмыс жасайды:

1. Жұмысқа орналастыру және түлектермен байланыс орнату жұмыстары;
2. Студенттермен және практика әдіскерлермен атқаратын жұмыстар;
3. Әлеуметтік серіктестікпен атқаратын жұмыстар;
4. WorldSkills чемпионаты бойынша жұмыстары;
5. Табысты түлектермен атқарылатын жұмыстар;
6. Кәсіби бағдар жүргізу жұмыстары.



1. «Жұмысқа орналастыру және түлектермен байланыс орнату жұмыстары» бағыт бойынша атқарылған жұмыстар:

2024-2025 оқу жылында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжін 8 мамандық, 14 біліктілік бойынша 314 түлек бітіріп шықты. Жұмысқа орналасқан түлектер – 95,2%, жұмыссыздар – 4,8%.

Жұмыспен қамтылуды әр мамандыққа шағатын болсақ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту – 93,3%
2. Логопедия – 100%
3. Дене тәрбиесі және спорт – 91,8%
4. Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі – 97,6%

5. Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (Қазақ тілі мен әдебиеті) – 94,8%

6. Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (шетел тілі) – 96,9%

7. Информатика – 97,5%

8. Музыкалық білім беру – 84,6%

Колледж түлектері жоғары оқу орындарында грант негізінде, ақылы негізде күндізгі бөлімде білімдерін жалғастыруда. Жоғары оқу орындарында оқитын түлектердің жайлы жалпы статистика мен мемлекеттік грант негізінде оқитын студенттер жайлы статистика берілген.



№	Мамандықтар атауы	Түлектер саны	Жұмысқа орналасқандар	ЖОО оқытындар	Әскерде жүргендер	Декреттік демалыста жүргендер	Жұмыссыздар
1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	60	50	5	–	1	4

2	Логопедия	17	17	–	–	–	–
3	Дене тәрбиесі және спорт	37	26	6	2	–	3
4	Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі	42	31	8	–	2	1
5	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (Қазақ тілі мен әдебиеті)	39	28	8	–	1	2
6	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (шетел тілі)	65	33	30	–	–	2
7	Информатика	41	25	9	4	2	1
8	Музыкалық білім беру	13	9	2	–	–	2
Барлығы		314	219	68	6	6	15

2. Студенттермен және практика әдіскерлермен атқаратын жұмыстар бағытында 2025-2026 оқу жылында өткен кәсіптік практиканың тыныс-тіршілігінен көпшілік қауымды хабардар ету, кәсіптік практика бағыты бойынша колледж тәжірибесімен бөлісу мақсатында ай сайын республикалық бұқаралық ақпарат құралдарына мақалалар беріліп отырды.

«Мұғалім журналы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2025 жылдың желтоқсан айында №4 санында Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің меңгерушісі, педагог-зерттеуші Нұргүл Серікқызы Мұқышеваның «Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы кәсіптік практика: тәжірибе және даму мүмкіндіктері» тақырыбындағы мақаласы жарық көрді.

Ағылшын бөлімі бойынша кәсіптік практикаға жетекшілік жасап, әдіскер болған оқытушылар мектептерде өтетін практикалар бойынша тәжірибесімен бөлісу мақсатында ағылшын тілі пәнінің оқытушылары Ғазиза Ғабдул-манапқызы Амангелді мен Аружан Талғатқызы Жұманның «Болашақ педагогтың шыңдалу мектебі: Жанайдар Мусин атындағы колледж студенттерінің өндірістік практикасы мен кәсіби жетістіктері» атты мақаласы «БІЛІМ АЙНАСЫ» республикалық ғылыми-танымдық журналының 2025 жылдың желтоқсан айындағы №12 санында жарияланып, әдіскерлерге сертификаттар берілді.



2025-2026 оқу жылында кәсіби практикаға әдіскер болған оқытушылардың мақалалары республикалық, халықаралық газет-журналдарда жарық көрді. Нақты тоқталатын болсақ, **USNAZ HAV** халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналдың 2025 жылдың желтоқсан айында №12 санында Педагогика пәнінің оқытушысы, педагог-шебер Өмірбек Шаймұратұлы Төлегеннің «Педагогикалық практиканың болашақ педагогтерді дайындаудағы маңызы», Бейнелеу өнері және оның әдістемесі пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші Болат Жанайдарұлы Бегалиннің «Кәсіптік біліммен мектептегі практика байланысы», Бастауыш бөлімінің меңгерушісі, педагог-сарапшы Ұлан Балғабайұлы Қабдуәлинің «Білім беру жүйесінде сандық технологияларды заман талабына сай қолдану», Педагогика пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші Балкүміс Байжанқызы Секенованың «Инклюзивті оқытуда Бауыржан Момышұлының ой тұжырымдамаларын қолдануда ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллекттің мүмкіндіктері», Технология және оның әдістемесі пәнінің оқытушысы, педагог-сарапшы Гүлмира Қайыржанқызы Амиржанованың «Тренердің курстан кейінгі рефлексиясы», Педагогика пәнінің оқытушысы, педагог-сарапшы Толғанай Қойбағарқызы Кожаметованың «Педагогикалық практиканың болашақ мамандар үшін маңызы», Педагогика пәнінің оқытушысы Альмира Болатқызы Каиргельдиеваның «Проблемалық оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық негіздері», Психология пәнінің оқытушысы, педагог-модератор Гүлзат Батырбекқызы Джеббаеваның «Колледжде арнайы пәндерді оқытудың заманауи әдістері», Психология пәнінің оқытушысы Сания Жәнібекқызы Емілесовның «Колледж студенттерінің психология пәніне қызығушылығын арттыру жолдары», Педагогика және психология кафедрасының жетекшісі Әсем Талғатқызы Асқардың «Арнайы пән сабақтарында құзыреттілікке негізделген оқытуды жүзеге асыру» атты мақалалары жарық көрді.

Филология бөлімі бойынша кәсіптік практикаға жетекшілік етіп, әдіскер болған оқытушылардың республика көлемінде әріптестерімен тәжірибе бөлісу мақсатында жазған мақалалары республикалық газет-журналдарда жарық көрді. Атап айтатын болсақ, 2026 жылы ақпан айында «**USTAZ USTANYMY**» республикалық ғылыми-әдістемелік журналдың ақпан айындағы №2 (15) санында директордың практика жұмысы жөніндегі бірінші санатты орынбасары, педагог-шебер Тойындық Молдағалиқызы Жоламанованың «Студенттен ұстазға дейін: оқу-өндірістік практика тәжірибесі», Қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагог-модератор Қуаныш Қожабайұлы Иманбаевтың «Цифрлық дәуірдегі мамандық таңдау мәселелері», Тіл және әдебиет кафедрасының меңгерушісі Жәнібек Бердімұратұлының «Ұстаздық жолға бастар сенімді қадам теория мен тәжірибе сабақтастығы», Мәнерлеп оқу пәнінің оқытушысы, педагог-шебер Гүлжанат Нұрмағамбемқызы Серкешбаеваның «Халықтық мұра – рухани қазына», орыс тілі пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші Майра Қанапияқызы Жабагинованың «Әдіскер-оқытушы қызметінің мазмұны және студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары» атты мақалалары жарық көрді.



Музыка бөлімі бойынша кәсіптік практикаға жетекшілік етіп, әдіскер болған оқытушылар да өз тәжірибелерімен бөлісу мақсатында республикалық басылымдарға мақалалар берді. Мәселен, «**ӨНЕГЕЛІ ҰРПАҚ**» ғылыми-әдістемелік журналының 2026 жылғы сәуір айындағы №1 (04) санында Музыка кафедрасының оқытушысы, педагог-сарапшы Салтанат Аманжолқызы Шарипова мен музыка бөлімінің студенті Ұлжан Нұрланқызы Бижақсынованың «Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды қадам» тақырыбындағы мақаласы жарық көрді.

Информатика білімі бойынша кәсіптік практикаға жетекшілік етіп, студенттерге әдістемелік көмек көрсеткен практика әдіскерлері: Жалғасбай Меруерт Тілеубайқызы «Мектепте сыныптан тыс жұмыс технологиясын қолдану: әдіскер тәжірибесінен» тақырыбында, Қамалиден Айгерім Сағындыққызы мен Садвакасова Сания Уәлиқызы «Кәсіптік практика – болашақ



ұстаздың кәсіби қалыптасуының маңызды кезеңі» тақырыбында республика көлемінде өз тәжірибелерімен бөлісіп, «**ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР ЖУРНАЛЫ**» республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының №4(14) (2026 ж. Сәуір) номерінде мақалаларын жариялап, сертификаттар мен Алғыс хатпен марапатталды.

Колледжде білім алушы болашақ педагог-мамандар ретінде ІІ курстан бастап мектептер мен балабақшаларда өндірістік практикадан өтеді.

1. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылында 88 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 37 студент;

ІІІ курстар бойынша 9 студент;

ІV курстар бойынша 42 студент.

2. «Логопедия» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылында 36 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 15 студент;

ІІІ курстар бойынша 12 студент;

ІV курстар бойынша 9 студент.

3. «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылында 148 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 39 студент;

ІІІ курстар бойынша 44 студент;

ІV курстар бойынша 65 студент.

4. «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылында 114 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 37 студент;

ІІІ курстар бойынша 33 студент;

ІV курстар бойынша 44 студент.

5. «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының тіл және әдебиет мұғалімі біліктіліктері бойынша 2025-2026 оқу жылында 135 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 61 студент;

ІІІ курстар бойынша 39 студент;

ІV курстар бойынша 35 студент.

6. «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының шетел тілі мұғалімі біліктіліктері бойынша 2025-2026 оқу жылында 147 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 42 студент;

ІІІ курстар бойынша 39 студент;

ІV курстар бойынша 66 студент.

7. «Информатика» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылында 125 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

ІІ курстар бойынша 53 студент;

ІІІ курстар бойынша 33 студент;

ІV курстар бойынша 39 студент.

8. «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша 2025-2026 оқу жылында 39 студент практикадан өтті. Әр курстағы студент санына тоқталатын болсақ:

II курстар бойынша 14 студент;

III курстар бойынша 16 студент;

IV курстар бойынша 9 студент.

Қорыта келгенде, колледж бойынша 8 мамандық, 14 біліктілік бойынша 875 студент практикадан өтті.

2025-2026 оқу жылының басында (28.08.2025) 14 балабақша, 17 мектеп, 2 спорт мектептерімен келісімшартқа отырып, жыл бойы 2-4 курс студенттері практикадан өтті. Маусым-тамыз айларында өтетін жазғы практика бойынша 3 жазғы сауықтыру лагерьлерімен келісімшарт жасалды.

Балабақшалар:

1. №9 «Қарлығаш» балабақшасы;
2. «Зерек» балабақшасы;
3. №4 «Еркем-ай» балабақшасы;
4. №35 «Болашақ» балабақшасы;
5. №17 «Көктем» балабақшасы;
6. «Арман» бөбекжайы;
7. №10 «Алтын бала» балабақшасы;
8. №33 «Ю.Гагарин» балабақшасы;
9. «Нұр бала» балабақшасы;
10. №7 «Айша» балабақшасы;
11. №5 «Қуаныш» балабақшасы;
12. №2 «Жұлдыз» балабақшасы;
13. №11 «Арай» балабақшасы;
14. Көкшетау қаласы «Аяла» арнайы балабақшасы.

Мектептер:

1. «Әл-Фараби атындағы IT лицейі» КММ;
2. «№2 мектеп-лицейі» КММ;
3. «Көкшетау қаласы, №16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ;
4. «№13 «ЭКОС» мектеп-гимназиясы» КММ;
5. «Көкшетау қаласы, №17 мектеп-гимназиясы» МКК;
6. «М.Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясы» МКК;
7. «№6 мектеп-гимназиясы» МКК;
8. «Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» МКК;
9. «Көкшетау қаласы, №12 жалпы орта білім беретін мектебі» МКК;
10. «Көкшетау қаласы, №4 орта мектеп» МКК;
11. «Көкшетау қаласы, №21 мектеп-лицейі» МКК;
12. «Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі» МКК;
13. «Көкшетау қаласы, №19 жалпы орта білім беретін мектебі» МКК.
14. «Көкшетау қаласы, №4 арнайы мектеп-интернаты» КММ
15. Ақкөл қаласының Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі
16. СҚО., Ғ.Мүсірепов ауд., Новоселов ауылы, Новоселов орта мектебі
17. «Көкшетау қаласы, №11 мектеп-гимназия» КММ

Спорт мектептері:

1. №1 облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі;
2. Балуан Шолақ атындағы ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.

Жазғы сауықтыру лагерьлер:

1. «БАРАП» балалар спорттық-сауықтыру орталығы
2. РМҚК «РОСО «Балдәурен»
3. М.Ғабдуллин атындағы спорттық-сауықтыру кешені



Жалпы бірінші жартыжылдықта 43 топта 53 оқу практикасы, екінші жартыжылдықта 43 топта 74 оқу практикасы жүргізілді. Оқу практикасының сапасын арттыру мақсатында 2025-2026 оқу жылында әкімшілік тарапынан 139 сабаққа қатыстық. Оқу практикасы білім беру бағдарламасы мен жоспарына сай жүргізілді. Оқытушылар сабаққа дайындықпен келіп, студенттерді кәсіптік практикаға даярлау мақсатында инновациялық және компьютерлік технологияларды, жасанды интеллектті қолданды. 15 минуттық ықшам сабақтар берілді.

2025 жылдың 9 қазанында «Бастауыш білім беру» мамандығында бойынша БМ-42КБ тобының студенттері қыркүйек айында мектептегі алғашқы күндері практикасы негізінде «Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс: ТӘЖІРИБЕ, ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ЖӘНЕ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК» атты кәсіби практика есебі бойынша қорытынды конференция өтті.

2026 жылдың 12 қаңтар – 27 ақпан аралығында 4-курстар бойынша 14 топ, 12 қаңтар – 13 ақпан аралығында Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің екі тобы (МД-31, 32) дипломалды практикадан өтті. 4-курстар бойынша 272 студенттің 50%-ы қала мектептері, 50%-ы ауыл мектептері, ал мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша 42 студентті қала балабақшаларда кәсіптік практикадан өтті. Жеті апталық практика барасында студенттер 30

сабақ, 6 сыныптан тыс жұмыс өткізді. Сонымен қатар, әр топтан екі-екі студенттен (әр топтың бір студенті қала мектебінде, бір студенті ауыл мектебінде) ашық сабақ берді. Нәтижесінде 14 студент қала мектебінде, 14 студент ауыл мектебінде ашық сабақ берді. Ашық сабақтар талапқа сай жоғары деңгейде өтті.



Дипломалдындағы практика кезінде 2026 жылдың 10 ақпанында МД-32 тобының студенті Жолдас Мерейлім Жаңабекқызы «Айша» бөбекжайының №16 «Күншуақ» тобында «Балаларды сағат және оның түрлерімен, сағат тілдерімен таныстыру, уақытты тәулік бөліктеріне байланысты ажырата білуге үйрету» мақсатында «Сағатпен танысу» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабаққа Директордың

практика жұмысы бойынша орынбасары Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің меңгерушісі Мұқышева Нұргүл Серікқызы және әдіскері Балдыкова Гүлден Тұрлыбекқызы қатысты.

2026 жылдың 17 ақпан күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі бастауыш білім беру бөлімінің IV курс студенті Хали Мерей Ренатқызы дипломалды практика барысында «Көкшетау қаласындағы №4 орта білім беретін мектебі» КММ-нің 4 Ә сыныбында математика пәнінен «Дұрыс және бұрыс бөлшектер» тақырыбында үлгі сабақ өткізді. Сабақтың басында «Өзіңе керегінді ал» атты психологиялық ахуал ұйымдастырылып, оқушылардың сабаққа деген жағымды көңіл күйі қалыптастырылды. Сабақтың тақырыбы ребусты шешу арқылы анықталып, оқушылардың танымдық қызығушылығы арттырылды. Сабақ барысында оқушылардың білімдерін жетілдіру мақсатында түрлі карточкалармен жұмыстар жүргізілді.

«Миға шабуыл» әдісі арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттері дамытылып, «Хат» әдісі негізінде білімдерін бекітуге бағытталған тапсырмалар орындалды. Сонымен қатар, «Басқатырғыштар» атты сергіту сәті ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігі арттырылды. Сабақта Wordwall, LearningApps,



Quizizz білім беру платформалары қолданылып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік жасалды. Сабақ барысында топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылар дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату, салыстыру және есептер шығару дағдыларын қалыптастырды. Сабақ соңында кері байланыс жүргізіліп, қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізілді. Үлгі сабақ әдістемелік талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, өз деңгейінде өткізілді.

2026 жылдың 17 ақпан күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің Бастауыш білім беріу мамандығының IV курс студенті Қайролла Тахмина Ержанқызы диплом алды практика аясында Көкшетау қаласы №4 жалпы орта білім беретін мектебі КММ-нің 1 Ә сыныбында математика пәнінен «Қорытындылау»



тақырыбында үлгі сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты – математика сабағында оқушылардың өткен тақырыптар бойынша білімдерін бекіту, қорытындылау. Сабақ барысында оқушылар топтық, жұптық, жеке тапсырмалар орындады. Сабақта заманауи білім беру технологиялары тиімді қолданылды. Атап айтқанда:

- жасанды интеллект арқылы тақырыпты ашты;
 - «Дирижёр» психологиялық ахуалы өткізді;
 - «Попкорн» әдісі арқылы топқа бөлді;
 - «Google», «Word wall», «learningApps» платформасы арқылы тапсырмалар орындады;
 - Өртүрлі көрнекілік арқылы біршама тапсырмалар орындады;
 - «Асық» әдісі арқылы кері байланыс жүргізді және бағалау парағын толтырды.
- Сондай-ақ, дәптермен және оқулықпен жұмыс түрлері ұйымдастырылды. Сабақ өте мазмұнды әрі қызықты өтті. Оқушылар берілген тапсырмаларды ынтымақтастықпен орындап, өз ойларын еркін жеткізе алды. Сабақ құрылымы талапқа сай жоспарланып, қойылған мақсат толық орындалды.

Дипломалды практика кезінде 2026 жылғы 19 ақпанда Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің Дене мәдениеті мамандығының 42-тобының студенті Тұяқ Елхан Оралұлы «Көкшетау қаласындағы №12 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 10 А сынып оқушыларына дене тәрбиесі пәнінен «Волейбол ойынында допты қабылдау, қабуылдау және қорғау жасау» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ мақсаты: Допты жоғарыдан және төменнен беру техникасын жетілдіру; Шабуыл жасау және блок қою әдістерін меңгерту; Командалық өзара әрекеттестікті дамыту және жылдам шешім қабылдауға үйрету; Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Ашық сабақ соңында «Бағдаршам» әдісімен рефлексия жасады: Жасыл түс – сабақ жоғары деңгейде өтті; Сары түс – сабақ орташа деңгейде өтті; Қызыл түс – сабақ төмен деңгейде өтті; Барлық оқушылар жасыл түсті таңдады. Бұл сабақтың мақсатына толықтай жеткенін және оқушылардың тақырыпты жақсы меңгергенін көрсетті.



2026 жылғы 19 ақпанда Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің Бастауыш білім беру бөлімінің 4-курс студенті Нұрашова Әйгерім Нұрболатқызы дипломдық практика аясында Қызылорда қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №120 орта мектебінің 4 «А» сыныбында қазақ тілі пәнінен «Зат есімнің жіктелуі» тақырыбында үлгі сабақ өткізді. Сабақтың негізгі мақсаты – зат есімнің жіктелуін меңгерту, жіктік жалғауларын дұрыс қолдана білуге үйрету, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту. Сонымен қатар, оқушылардың грамматикалық білімін тереңдетіп, тіл байлығын арттыру көзделді.

Сабақ барысында оқушыларға зат есімнің жіктелуі туралы теориялық мәлімет беріліп, жіктік жалғауларының жекеше және көпше түрлері түсіндірілді. Мысалдар арқылы талдау жұмыстары жүргізіліп, оқушылар сөйлем ішінен жіктелген зат есімдерді тапты.

Тақырыпты бекіту мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды:

- «Ой қозғау» әдісі арқылы жаңа тақырып ашылды;
- «Сәйкестендіру» тапсырмасы арқылы жіктік жалғауларын дұрыс жалғау жұмысы орындалды;
- «Кім жылдам?» ойыны арқылы ауызша жаттығулар жүргізілді;
- Жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылды;
- Шығармашылық тапсырма ретінде «Менің отбасым» тақырыбында шағын мәтін құрастыру берілді;
- Кері байланыс Shyraq.ai платформасы арқылы жүзеге асырылды.

Сабақта көрнекіліктер, кестелер және интерактивті тақта тиімді пайдаланылды. Оқушылар белсенді қатысып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Сабақ барысында ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты.

Сабақ құрылымы талапқа сай жоспарланып, қойылған мақсатқа толық қол жеткізілді.

Информатика бөлімі бойынша И-41, И-42ҚБ топтарының студенттері 2026 жылдың 12 қаңтар – 27 ақпан аралығында дипломалды практика кезінде ашық сабақтар берді. Атап айтсақ, 19 қаңтар Таласбек Сәбит Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 11А сыныбында «Мобильді технологиялар және олардың мүмкіндіктері» тақырыбында, 21 қаңтар күні Макарьина Дилара Көкшетау қаласының №21 мектеп-лицейінің 5Б сыныбында «Цифрлық сауаттылық және қауіпсіздігі» тақырыбында, 13 ақпанда Манарбек Ержанат Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 4А сыныбында «Ақпаратты іздеу және сақтау» тақырыбында, 18 ақпанда И-41 тобының студенті Кусаинова Жадыра Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ



тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 7А сыныбында «Кірістілген шарттарды программалау» тақырыбында, 18 ақпанында И-41 тобының студенті Бейсен Шыңғысхан Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 8Б сыныбында «Break циклін басқару» тақырыбында, 18 ақпан күні Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 7 Ә сыныбында И-41 тобының студенті Салдатханқызы Жансая «Кірістілген шарттарды программалау» тақырыбында, 19 ақпанда И-41 тобының студенті Қаржау Ақмарал Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 8А сыныбында «Алгоритмнің трассировкасы» тақырыбында, 23 ақпанында И-41 тобының студенттері Асқарқызы Карина (1-топшада) мен Ерғали Ұлпан (2-топшада) Көкшетау қаласы, № 21 мектеп-лицейінің 2А сыныбында «Қауіпсіз интернет» тақырыбында, 24 ақпан күні Жузжасарова Рамиля Абай атындағы дарынды балаларға арналған (қазақ тілінде оқытатын) №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 9Ә сыныбында «Элементті өшіру және кірістіру» тақырыбында, 25 ақпан күні И-41 тобының студенті Канапина Еркежан Көкшетау қаласының №21 мектеп-лицейінің 4Б сыныбында «Әлеуметтік желі және оның қауіптері» тақырыбында, 26 ақпанда И-41 тобының Хибатхан Нурдаулет Көкшетау қаласының № 21 мектеп-лицейінің 9А сыныбында «Break циклін басқару» тақырыбында информатика пәнінен ашық сабақтар берілді.



2026 жылдың 26 ақпанында Көкшетау қаласындағы С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің 9 А сыныбында А-41 тобының студенті Әмірзада Кәмила Болатбекқызы «Use of English: Demonstratives» тақырыбындағы сабағын жоғары деңгейде берді. Ашық сабаққа Директордың практика жұмысы бойынша орынбасары Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы және әдіскері Сабырова Әсем Бикешқызы.

2026 жылғы 18 ақпан күні МД-41 тобының «Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу мен әдістемелік құралдар мазмұнының сапасын бағалау» тақырыбындағы дипломалды практикасының қорытынды конференциясы өтті. Іс-шара барысында студенттер практика кезеңінде атқарған жұмыстарын ұсынып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Конференция аясында ашық сабақтардан дайындалған бейнероликтер көрсетіліп, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің құрылымы, қолданылған әдіс-тәсілдер және балалармен жүргізілген жұмыс барысы талданды. Студенттер тәжірибелік бөлімде шағын эксперимент ұйымдастырып, теориялық білімнің практикада қалай жүзеге асатынын көрсетті. Ұсынылған тәжірибе балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталып, құбылыстарды тәжірибе арқылы түсіндірудің тиімділігін айқындады. Сонымен қатар дидактикалық ойындар мен көрме форматындағы

әдістемелік материалдар таныстырылып, студенттердің шығармашылық қабілеті мен әдістемелік дайындығы байқалды. Ойындардың мақсаты, ережесі және өткізу жолдары түсіндіріліп, олардың мектепке дейінгі білім берудегі маңызы атап өтілді. Конференция барысында ертегі қойылымынан бейнеүзінді ұсынылып, тәрбиелік мәні бар көріністер арқылы балаларға мейірімділік, достық және қамқорлық құндылықтарын жеткізудің жолдары көрсетілді. Іс-шара соңында МД-21 және МД-22 ҚБ топтарының студенттері пікір білдіріп, өздеріне ерекше әсер еткен сәттермен бөлісті. Олар тәжірибелік жұмыстар мен бейнематериалдардың мазмұндылығын атап өтіп, мұндай конференциялар кәсіби өсуге үлкен серпін беретінін жеткізді.

Қорытындылай келе, аталған конференция болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін нығайтып, теория мен тәжірибені ұштастыруға бағытталған маңызды алаң болды.



2026 жылғы 20 ақпан күні «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-де «Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және әдістемелік құралдар мазмұнының сапасын бақылау» тақырыбындағы педагогикалық практиканың қорытынды конференциясы өтті. Іс-шараға колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.

Қорытынды конференцияның негізгі мақсаты – МД-32 тобы студенттерінің педагогикалық практика барысында жинақтаған тәжірибелерімен бөлісуі, педагогтермен бірлесіп атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсету және практиканы жүйелі түрде қорытындылау болды. Конференция барысында мазмұнды, тәжірибеге бағытталған жұмыстар ұсынылды.

«Мен – болашақ педагог» тренингін студенттер Байғожа Дильназ бен Абдильманова Наргиз жүргізіп, қатысушыларды кәсіби мотивация мен педагогикалық құндылықтар төңірегінде ой бөлісуге шақырды.

Педагогикалық практика барысындағы «Тәжірибе күнделігі» бейнежазбалары көрсетіліп, студенттердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мен күнделікті тәжірибелік жұмыстары таныстырылды.

Қадырбекова Аружан мен Кабашева Айлана ұйымдастырылған іс-әрекет үлгісін көрсетіп, мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

Шапиева Аружан «Жасанды интеллект арқылы ертегі әлеміне саяхат» тақырыбында тәжірибесін ұсынып, заманауи цифрлық мүмкіндіктерді мектепке дейінгі білім беру үдерісінде тиімді қолданудың жолдарын көрсетті.

Бақыт Сая мен Ерденова Мадияна «Белсенді үзіліс» сергіту сәтін ұйымдастырып, қимыл-қозғалыс арқылы балалардың белсенділігін арттырудың тиімді тәсілдерін көрсетті. Мұхатаева Назерке мен Әшжан Кәмшат «Сиқырлы білім қорабы» атты дидактикалық көрнекіліктер көрмесін

таныстырып, студенттердің өз қолдарымен әзірлеген әдістемелік материалдарының мазмұны мен практикалық маңыздылығын көрсетті.

2026 жылдың 11 наурыз күні Бастауыш білім беру бөлімінің 4-курс студенттерінің дипломалды практикасы бойынша «Бастауыш білім – үлкен өмірге алғашқы қадам» тақырыбында қорытынды конференциясы өтті. Конференция барысында студенттер өздерінің дайындаған дидактикалық материалдарын, қысқа мерзімді жоспарларының үлгілерін және авторлық көрнекіліктерін таныстырды.

Конференцияға практика бөлімінің жетекшісі Меңдыбаева Айжанар Нұрланқызы, сондай-ақ әдіскерлер Қожахметова Толғанай Қойбағарқызы және Әміржанова Гүлмира Қайыржановна қатысты.

2026 жылдың 18 наурыз күні филология бөлімінің 41, 42ҚБ топтарында дипломалды практикасының «Ұлы мұғалім шабыттандырады!» тақырыбында қорытынды конференциясы өтті. Әдіскерлер: Серкешбаева Гүлжанат Нұрмағамбетқызы мен Рахимова Айсұлу Сенбіқызы.



2026 жылдың 30 наурыз – 24 сәуір аралығында филология бөлімінің III курс студенттері байқау практикасында болды. Әдіскері Серкешбаева Гүлжанат Нұрмағамбетқызы. Аталмыш топтың бірінші топшасы Көкшетау қаласындағы №17 мектеп-гимназиясында практикадан өтті. Практика барысында студенттер өздерін кәсіби құзыреттілігі жағынан жоғары көрсеткіш көрсетіп, 9 студент (Акай Аружан, Арнаш Аружан, Асқар Батырбек, Буркитхан Жанмарал, Бірлесхан Аяна, Жағұпар Даниал, Бахитжан Әдемі, Еркебұлан Нұрай) ГРАМОТАМЕН марапатталды. Студенттер практика барысында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақтар берді,

сыныптан тыс іс-шаралар жүргізді.

2026 жылдың 12 қаңтар – 20 ақпан аралығында Логопедия-41 тобының студентгі Темірхан Үміт Жолшыбекқызы Шымкент қаласы білім басқармасының «№79 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде дипломалды практикадан өтіп, Логопедиялық түзету жұмыстарына инновациялық әдістерді енгізгені және балалармен жұмыс істеудегі жоғары нәтижелері үшін сертификатпен марапатталды. Студент өзін тек жақсы жақтан көрсетіп, тілінде кемістігі бар балалармен жоғары деңгейде жұмыс жасады.



2025 жылдың 28 қараша күні болашақ педагог мамандардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатында IV курс студенттері арасында колледжішілік «Ең үздік машықкер» байқауын өткізілді. Байқау 4 модульден тұрды: I модуль – Өзін-өзі таныстыру (3 минут, еркін форматта); II модуль – видеосабак (кәсіби практика кезінде өткізген сабақтарынан панорамалық сабақ) – сырттай бағаланды (10 минут). III модуль – электронды

портфолио қорғау; IV модуль – педагогикалық жағдаяттар (практика түрлеріне байланысты жағдаят шешу – 1 минут).



Байқауға 13 студент қатысып, олар: ФБ-42ҚБ тобының студенті Тогталхан Берікжан, ФБ-41 студенті Дәулетбек Жұлдыз, ФБ-42ҚБ-ның студенті Маратбек Азамат, МД-31-тобының студенті Манат Айсара, МД-32 тобының студенті Байғожа Дильназ, Л-41ҚБ тобының студенті Усан Аянат, М-41 тобының студенті Хибатхан Ақбота, БМ-41тобының студенті Султанбек Инас БМ-

42ҚБ тобының студенті Токсанова Мерей, ДМ-41 тобының студенті Тоғанасов Рамазан, И-41 тобының студенті Қаржау Ақмарал, А-41-тобының студенті Тултаева Диана, А-43ҚБ тобының студенті Балғабекова Анель. Байқау нәтижесінде 4-курс студенттері өздерінің кәсібилігін, білімдарлығын, шеберлігін көрсетіп, БАС жүлдені – БМ-41 тобының студентті Султанбек Инас; I орынды М-41 тобының студенті Хибатхан Ақбота, II орынды ФБ-41 тобының студенті Дәулетбек Жұлдыз бен А-41 тобының студенті Тултаева Диана, III орынды ФБ-42ҚБ тобының студенті Маратбек Азамат пен И-41 тобының студенті Қаржау Ақмарал жеңіп алып, ДИПЛОМДАРМЕН марапатталды.



2025-2026 оқу жылына арналған кешенді білім бағдарламасына сәйкес, 2026 жылдың 25 ақпанында студенттердің өз мамандықтарына деген көзқарастарын, кәсібилігін айқындау бағытында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің III курс студенттері арасында «Мамандық және кәсіп» тақырыбында танымдық әрі мазмұнды дебат ұйымдастырылды. Аталған шараның мақсаты – мамандық пен кәсіп ұғымдарының айырмашылығы мен өзара байланысын терең түсіндіру, сондай-ақ сыни ойлау мен шешендік қабілеттерін дамыту. Дебат барысында қатысушылар «Мамандық – өмірлік таңдау ма, әлде кәсіп – табыс көзі ме?» деген өзекті мәселе төңірегінде ой қозғап, өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен қорғады.

Студенттер қазіргі еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар, кәсіпкерліктің артықшылықтары, кәсіби құзыреттілік пен жеке қабілеттің рөлі туралы тұжырымды пікірлерін ортаға салды. Іс-шараны ұйымдастырған Беген Сырым Серікұлы дебаттың жоғары деңгейде өтуіне ықпал етіп, қатысушылардың белсенділігін арттыруға бағыт-бағдар берді. Нәтижесінде студенттер өз ойларын еркін жеткізіп, қарсы тараптың пікірін тыңдап, мәдениетті түрде талқылау жүргізу дағдыларын қалыптастырды. Дебат тартысты әрі мазмұнды өтіп, қатысушыларға үлкен тәжірибе мен мотивация сыйлады. Осындай зияткерлік шаралар студенттердің кәсіби көзқарасын кеңейтіп, болашақ маман ретінде қалыптасуына оң әсерін тигізері сөзсіз.



Диплом алдындағы практика қорытындысын сараптау арқылы болашақ мамандардың құзыреттілік деңгейін анықтау сауалнамалары алынды. Сауалнамаға 314 студент қатысты. Сауалнама бес сұрақтан тұрды: 1. Практика кезінде қиыншылықтар көп кездесті ме? 2. Мектеп мұғалімдерінен тың әдіс-тәсілдер үйрендіңіз бе? 3. Ұстаздық жолда не нәрсеге көп көңіл бөлу керек деп түйдіңіз? 4. Қысқа мерзімді жоспар жазуда қиналдығыз ба? 5. Колледж әдіскерлері тарапынан әдістемелік көмек көрсетілді ме?



2025-2026 оқу жылындағы жазғы практика бойынша III курс студенттері өндірістік оқыту және кәсіптік практиканың жоспары негізінде қала мектептерінің мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагеріне – 15 студент, «БАРАП» балалар спорттық-сауықтыру орталығына – 23 студент, М.Ғабдуллин атындағы жазғы сауықтыру лагерінен – 88 студент, «Балдәурен»

республикалық оқу-сауықтыру лагерінен – 90 студент педагогикалық практикасынан өтеді.



3. «Әлеуметтік серіктестікпен атқаратын жұмыстар» бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған кешенді білім бағдарламасына сәйкес, ағымдағы жылдың 27 қараша күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің Салтанат залында «Жасанды интеллект: Тәжірибе. Шеберлік. Нәтиже» атты семинар-практикум өтті. Семинардың алғысөзін қатысушыларға бағыт-бағдар беру және шараның мақсат-міндетін айқындау үшін алғашқы сөз колледж директорының міндетін атқарушы Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызына берілді. Бақытгүл Ерғалиқызы білім беру үдерісінде жасанды интеллекттің рөлі ерекше екенін атап өтіп, болашақ педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған мұндай шаралардың маңыздылығын баса айтты.



Іс-шара барысында мектеп ұстаздары мен колледж оқытушылары өз тәжірибелерімен бөлісті. Педагогика ғылымдарының магистрі, арнайы пәндер оқытушысы Өтепбай Досай Жұмаханұлы жасанды интеллект негізіндегі интерактивті мультимедиалық құралдарды оқу процесіне енгізудің инновациялық әдістерімен бөлісті. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің физика

пәнінің оқытушысы Сулейменова Диляра Абылайхановна физика сабақтарына түрлі цифрлық платформаларды кіріктіру тәжірибесін таныстырып, олардың оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырудағы рөлін көрсетті. Досай Жұмаханұлы өз тәжірибесінен мысалдар келтіріп, пәндік білімді терең меңгерудің жаңа жолдарын ұсынды. Көкшетау қаласының №16 жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі Әйкен Гүлжан «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытуда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолданудың тиімділігін түсіндіріп, сабақтағы нақты практикалық тәсілдерді көрсетті.

Сонымен қатар, Ақмола облысы Красный Яр ауылының №2 мектебінің мұғалімі Атай Сабыржан Құрманұлы генеративті жасанды интеллекттің қазіргі қоғамға әсері мен болашақ тенденциялары туралы мазмұнды баяндама жасады. Сабыржан Құрманұлы ЖИ-дің даму қарқыны, оның адам өміріне ықпалы және қауіпсіз қолдану мәселелеріне жан-жақты тоқталды. Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ колледжінің математика пәнінің оқытушысы Жалғасбай Меруерт Тлеубайқызы математика сабақтарында жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндіктерін жан-жақты талдап, сабаққа енгізудің тиімді үлгілерін ұсынды. Семинар қорытындысында барлық белсенді қатысушылар арнайы дипломдармен марапатталды.



2026 жылдың 19-20 қаңтар күндері жоғары колледж бен әлеуметтік серіктестіктермен сабақтастықты нығайту мақсатында «Шынықсаң, шымыр боларсың!» тақырыбында 13-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары арасында волейболдан спорттық сайыс өткізілді. Аталған спорттық сайысқа қаладағы 8 мектептен 8 команда қатысып, жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыруға, командалық рух пен көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Сайыс барысында оқушылар жоғары белсенділік танытып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын терең түсінді. Іс-шара спорт саласындағы мамандықтарға қызығушылық оятатын жарқын алаңға айналды.

Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар анықталып, кубоктармен және медальдармен марапатталды.

III орынды – №1 мектеп-гимназиясының командасы,

II орынды – №14 жалпы білім беретін мектептің командасы,

I орынды – №20 мектеп-гимназиясының командасы иеленді.

Сонымен қатар, үздік ойыншылар арнайы аталымдар бойынша дипломдармен марапатталды:

1. Үздік қорғаушы – Грацкая Маргарита (№14 жалпы білім беретін мектеп);
2. Бағалы ойыншы – Жумагали Алина (№6 мектеп-лицейі);
3. Үздік шабуылдаушы – Исабаева Алинур (№1 мектеп-гимназиясы);
4. Үздік байланыстырушы – Балтабаева Саида (Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі);
5. Үздік ойыншы – Ерланқызы Малика (№20 мектеп-гимназиясы);
6. Үздік қабылдаушы – Батанас Айлана (№20 мектеп-гимназиясы);
7. Үздік тосқауылшы – Жұмабек Мөлдір (№20 мектеп-гимназиясы).

Қорытындылай келе, аталған спорттық сайыс оқушылардың физикалық дайындығын арттырып қана қоймай, олардың өз мүмкіндіктерін танып, болашақ мамандыққа саналы көзқарас қалыптастыруына ықпал етті. Мұндай іс-шаралар жасөспірімдерді салауатты өмір салтына баулып, спортты кәсіби бағыт ретінде таңдауға жол ашады.



2026 жылдың 17 ақпанында Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде практика блогының жоспарына сәйкес «Тәжірибе алаңы: Ізденіс. Шеберлік. Жаңалық» атты облыстық шеберлік сағаты жоғары деңгейде өтті. Бұл шара мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, озық тәжірибемен алмасуға және оқу-тәрбие үдерісіне заманауи инновациялық

технологияларды тиімді енгізуге бағытталды.

Шеберлік алаңында Бұланды ауданындағы «Айгөлек» балабақшасының тәрбиешісі Полатова Әсел Ербекетқызы балабақшада AR технологиясын тиімді қолдану жолдарын таныстырды. «Балдырған» балабақшасының педагог-сарапшысы Шакиева Жазира Ондасыновна мектепке дейінгі білім беруде заманауи инновациялық технологияларды қолдану бойынша іс-тәжірибесімен бөлісті.

Көкшетау қаласындағы «Айша» бөбекжайының әдіскері Бахытжан Март мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру, перспективалық жоспар құру, циклограмма әзірлеу және мониторинг жүргізудің тиімді тәсілдерін түсіндірді.

«Зерек» балабақшасының тәрбиешілері: педагог-модератор Үсен Гүлсая сюжетті-рөлдік ойынның мектепке дейінгі балалардың дамуындағы маңызын атап өтсе, Қиззат Райхан Мұратқызы «Intellectum – ойлай білетін баланың танымдық әлемі» тақырыбында практикалық тәжірибе ұсынып, танымдық қабілеттерді дамыту жолдарын көрсетті.

«Арман» бөбекжайының дене тәрбиесі нұсқаушысы Мадиева Айгүл Тұрғанбековна ұлттық асық ойындары арқылы баланың қимыл-қозғалысы мен ойлау қабілетін дамытудың тиімді әдістерін таныстырды. Ал «Мерей» балабақшасының педагог-модераторы Сердалина Айгерім Сайлаубаевна В. Воскобовичтің дамытушы ойындарын қолдану ерекшеліктеріне тоқталды.

Сонымен қатар колледждің мектепке дейінгі бөлім оқытушылары студенттерге жетекшілік жасап, тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырды. Шара барысында қатысушылар өзара пікір алмасып, тың идеялармен бөлісіп, кәсіби шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік алды.

4. «WorldSkills чемпионаты бойынша жұмыстары» бағыты бойынша бастауыш сыныптарда оқыту және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттіліктері бойынша колледжішілік WorldSkills чемпионатын өткізілді. Worldskills чемпионаты бойынша атқарылған жұмыс бағыты негізінде: 2025 жылдың 19-20 қараша күндері «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша колледжішілік Worldskills чемпионаты өтті.

Колледжішілік чемпионатқа 6 студент қатысып, әр студент өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби біліктілігін көрсетті. Колледжішілік чемпионатқа қатысқан студенттер:

1. МД-31 тобының студенті Абильмажинова Махаббат
2. МД-31 тобының студенті Төлеген Аружан
3. МД-32 тобының студенті Жолдас Мерейлім
4. МД-32 тобының студенті Ермекқызы Аяулым
5. МД-31 тобының студенті Аманжол Айлана
6. МД-32ҚБ тобының студенті Асан Бахжанар

Колледжішілік чемпионат Модуль А. «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту» (ActivInspire, LearningApps, Smart Learning, Suite) бағдарламаларын қолдану арқылы кіріктірілген ҰІӨ; Модуль В. «Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық қасиеті және денсаулығын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастыру»; Модуль С. «Білім беру ұйымының ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) және қызметкерлерімен өзара әрекеттесу» модульдері бойынша өткізілді.

Нәтижесінде МД-31 тобының студенті Абильмажинова Махаббат жоғары ұпай жинап, I орынды жеңіп алып, аймақтық чемпионатқа жолдама алды.

2025 жылдың 20 қараша күні «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша колледжішілік Worldskills чемпионаты өтті. Колледжішілік чемпионатқа 5 студент қатысып, әр студент өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби біліктілігін көрсетті. Колледжішілік чемпионатқа қатысқан студенттер:

- БМ-31 тобының студенті Адениятқызы Айғаным
БМ-31 тобының студенті Дәулетбек Аружан
БМ-31 тобының студенті Ербай Гүлзада
БМ-31 тобының студенті Зикен Рабия
БМ-31 тобының студенті Уайс Нұргүл

Чемпионат 3 модульден тұрды: А модулі. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу және өткізу. В модулі. Сыныптан тыс іс-шараны әзірлеу және өткізу. С модулі. Тәрбиенің бір бағыты бойынша (интернетсіз) білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін жоба паспортын әзірлеу және ұсыну модульдері бойынша өткізілді.

Нәтижесінде БМ-31 тобының студенті Зикен Рабия жоғары ұпай жинап, I орынды жеңіп алып, аймақтық чемпионатқа жолдама алды.

2025 жылдың 2-9 желтоқсан күндері Астана қаласында республикалық Worldskills чемпионаты өтті. Республикалық чемпионатта «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша Сәлімкерей Ақгүлім, ал «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша Сәбит Жұлдыз Нұралықызы Ақмола облысының намысын қорғады.



Нәтижесінде «WorldSkills Kazakhstan – 2025» X Республикалық кәсіптік шеберлік чемпионаты негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша Сәлімкерей Ақгүлім Айбекқызы I орын жеңімпазы болып, Алтын медаль иегері атанды.

Сәлімкерей Ақгүлім Айбекқызы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі», «Дюймовочка» бөбекжайында қызмет ете жүріп, жеңіске жетті.

2026 жылдың 15-16 сәуір күндері біздің колледждің базасында Worldskills Akmola – 2026 аймақтық

чемпионаты өтті.

Бастауыш сыныптарда оқыту құзыреттілігі бойынша 5 конкурсант («Арна» Көкшетау жоғары колледжі; Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі; «Щучинск жоғары педагогикалық колледжі» мемлекеттік мекемесі; «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК; Жоғары Қазақ гуманитарлық-техникалық колледжі) қатысты. Бастауыш сыныптарда оқыту құзыреттілігі бойынша 3 модуль (А модулі. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу және өткізу. В модулі. Сыныптан тыс іс-шараны әзірлеу және өткізу. С модулі. Тәрбиенің бір бағыты бойынша (интернетсіз) білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін жоба паспортын әзірлеу және ұсыну) болды. Бастауыш сыныптарда оқыту құзыреттілігі бойынша А модулі Көкшетау қаласындағы №13 ЭКОС мектеп-гимназиясында, ал В, С модульдері колледж базасында өтті.

Нәтижесінде, Бастауыш сыныптарда оқыту құзыреттілігі бойынша БМ-31 тобының студенті Зикен Рабия Ерланқызы жүлделі бірінші орынды жеңіп алып, республикалық чемпионатқа жолдама алды.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттілігі бойынша да 5 конкурсант («Арна» Көкшетау жоғары колледжі; Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі; «Щучинск жоғары педагогикалық колледжі» мемлекеттік мекемесі; «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК; Жоғары Қазақ гуманитарлық-техникалық колледжі) қатысты.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттілігі бойынша да 3 модуль (Модуль А. «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту» (ActivInspire, LearningApps, Smart Learning, Suite) бағдарламаларын қолдану арқылы кіріктірілген ҰІӘ; Модуль В. «Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық қасиеті және денсаулығын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастыру»; Модуль С. «Білім беру ұйымының ата-аналарымен (занды өкілдерімен) және қызметкерлерімен өзара әрекеттесу») болды. Мектепке



дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттілігі бойынша А, В модульдері «Нұр бала» бөбекжайында, С модулі колледж базасында өтті.

Нәтижесінде, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттілігі бойынша МД-31 тобының студенті Абильмажинова Махаббат Дархановна жүлделі бірінші орынды жеңіп алып, республикалық чемпионатқа жолдама алды.



Қорыта келгенде, Бастауыш сыныптарда оқыту құзыреттілігі мен Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттілігі бойынша 2026 жылдың желтоқсан айында өтетін Астана қаласында өтетін «WorldSkills Kazakhstan – 2026» XI Республикалық кәсіптік шеберлік чемпионатына қатысады.

5. «Табысты түлектермен атқарылатын жұмыстар» бағыты бойынша «Табысты түлек» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар: 1992-2025 жылдар аралығында – 8225 түлек ұстаздар қатарын толықтырды. 1992, 1993

жылдары сырттай бөлім болған жоқ, ол жылдары тек мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мен бастауыш білім беру мамандықтары бойынша екі жылда да 96 түлек бітірді. 1994 жылдан бастап 2023 жылға дейін сырттай бөлім бойынша да түлектер бітірді. 2020 жылдан бастап мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мен бастауыш білім беру мамандықтары бойынша қолданбалы бакалавриат жүйесі негізінде де түлектер шыға бастады. Соңғы бес жылдағы 7 мамандық 14 біліктілік бойынша колледжді бітірген түлектерге тоқталатын болсақ, 2021 жылы сырттай бөліммен қосқанда 403 түлек, 2022 жылы сырттай бөліммен қосқанда 256 түлек, 2023 жылы сырттай бөліммен қосқанда 283 түлек, 2024 жылы сырттай бөлімсіз – 284 түлек, 2025 жылы сырттай бөлімсіз – 315 түлек колледжді бітірді.

Колледж түлектері жылда-жылда педагогтер қатарын толтырып, өз мамандықтары бойынша жұмысқа тұрады. 2024-2025 оқу жылында Логопедия мамандығы тәмамдаған 17 түлек (100%) өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты. Ал Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының түлектері – 93,3% жұмысқа орналасты.

2025-2026 оқу жылында бітіретін түлектерге де алдын-ала сұраныстар түсіп жатыр.

Енді түлектердің мансаптық өсуіне тоқталатын болсақ, мектеп директоры – 20, басшы орынбасарлары – 40, балабақша меңгерушілері – 7, әдіскерлер – 10, басқа саладағы басшы орынбасарлары – 4.

Өзіміздің колледжде 21 түлек қызмет етеді. Тоғыз түлек – әкімшілік құрамда. Он екі түлек – оқытушы. Басшы орынбасары – 2; оқу бөлімінің меңгерушісі – 1; колледж әдіскері – 2; бөлім меңгерушісі – 4; оқытушы – 12.



36 түлек өз жеке кәсіптерін ашып отыр. Олар: ағылшын тілін үйрету орталығы – 9; өзге салада – 8; оқу орталығы – 7; қосымша білім беру – 6; музыкалық білім беру – 4; робототехника – 2.



2025 жылдың 31 қазан күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің өндірістік оқыту және кәсіптік практика бөлімі және Музыка бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұстаз бен шәкірт сабақтастығы» тақырыбында дидарласу алаңы өтті. Аталған іс-шараға 1998 жылы ашылған Музыка бөлімінің алғашқы түлектерінен бастап кешегі күні ғана оқу орнын тәмамдаған түлектер қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – колледжде білім алып жатқан Музыка бөлімінің студенттеріне бағыт-бағдар, шабыт, мотивация беру. Түлектер өз тәжірибелерімен, өмір жолдарымен бөлісті. Атап айтсақ, 2006 жылдың колледж түлегі Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Ақжарқын орта мектебінің музыка пәні

мұғалімі А.Шаривхан «Ұстаз болу – өнер мен жүректің үйлесімі» тақырыбында, 2008 жылдың колледж түлегі, Көкшетау қаласындағы «Жұлдыз» балабақшасының музыка жетекшісі А.У.Калиева «Музыкалық импровизация – шығармашылыққа жол» тақырыбында, 2004 жылдың колледж түлегі, Астана қаласы, «Megabala sound company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Г.О.Өтепбергенова «Өнер мен жүрек үндестігі», «Мұғалімнен продюсерге дейінгі жолым», тақырыптарында, 2008 жылдың колледж түлегі, Көкшетау қаласы, «SHABYT» білім және шығармашылық орталығының басшысы Г.Магавина: «Мамандық пен өмірлік мақсатты біріктірген бизнес» тақырыбында, 2008 жылдың колледж түлегі, Астана қаласы «Өнерлі» шығармашылық орталығының басшысы А.Жусупова «Арманнан шындыққа» тақырыбында, колледж түлегі, Зеренді ауданы, «Аружан» жекеменшік бөбекжайының музыка жетекшісі Е.Батырхан «Музыкалық тәлімгер» тақырыбында, 2012 жылдың колледж түлегі, Көкшетау қаласының №14 мектеп лицейінің музыка жетекшісі А.Муханбетжанова «Мектептегі хор үйірмесі» тақырыбында, 2024 жылдың колледж түлегі, С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің музыка жетекшісі А.Оразалина «Ақылды технологиялар – ақылды ұрпақ» тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісті.

Аталған іс-шараға қатысқан түлектер, колледж оқытушылары мен студенттеріне өз алғыстары мен ризашылығын білдірді. Барлық қатысқан түлектерге колледждің Алғыс хаттары табысталды.

2026 жылдың 27 ақпан күні 2025-2026 оқу жылының кешенді білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Табысты түлек» жобасы аясында «Бастауыш білім беру саласында еңбек етіп жүрген колледж түлектерінің кәсіби тәжірибесімен бөлісу арқылы заманауи педагогикалық технологиялар мен интерактивті әдістерді практика жүзінде тиімді қолдану жолдарын көрсету, ұстаздық шеберлікті арттыру және жас мамандардың шығармашылық әлеуетін дамыту» мақсатында «Педагогика және психология» кафедрасының ұйымдастыруымен бастауыш бөлім түлектерінің шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Шеберлік сыныбы бастауыш білім беру саласында еңбек етіп жүрген колледж түлектері, колледж педагогтері мен студенттері арасында кәсіби тәжірибе алмасу үшін өткізілді. «Мұрагер 2.0» бағдарламасының грантын жеңіп алған әріптесіміз, колледж түлегі Ауенова Гүлмира Зинуллоvnаның бастамасы мектепте жүргізіліп жатқан «Jobaland» үйірме жұмысының ерекшеліктерін таныстырып, STEM бағытындағы тәжірибесімен бөлісті. Оқушылармен жүргізілетін жобалық жұмыстардың тиімді жолдары көрсетіліп, нақты нәтижелері ұсынылды. Сонымен қатар, колледж түлегі шебер сынып қатысушыларын «Jobaland» үйірмеде бірлесе жұмыс істеуге және тәжірибе алмасуға шақырды. Іс-шара соңында қатысушылар сертификаттармен марапатталды.





Ағымдағы жылдың 27 наурыз күні «Табысты түлек» жобасы аясында «Мұғалімнің кәсіби күзіреттілігі – нәтижелі білім негізі» тақырыбында ағылшын бөлімінің түлектерінің қатысуымен шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Шеберлік сыныптың негізгі мақсаты – ағылшын тілін оқыту саласында еңбек етіп жүрген түлектердің кәсіби

тәжірибесімен бөлісу арқылы тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін және заманауи педагогикалық технологияларды тәжірибе жүзінде көрсету, ұстаздық шеберлікті жетілдіру және жас мамандардың шығармашылық әлеуетін дамыту. Мақсатты іске асыру бағытында колледж түлектері аянбай қызмет етіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Шеберлік сынып жұмысына Көкшетау қаласының жалпы білім беретін мектептерінің ағылшын тілі мұғалімдері, яғни колледж түлектері, шетел тілі кафедрасының педагог-мамандары мен колледж студенттері қатысты. №20 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі, колледж түлегі Уайс Нұртай «Ағылшын тілі сабақтарында сөйлеу және оқу дағдыларын қалыптастырудың негізгі әдістері» тақырыбында қызықты жаттығулар өткізді. Ал Көкшетау қаласы №17 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі, колледж түлегі Көкшетау қаласы №12 жалпы білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, колледж түлегі Жүсіпова Айжан Боранбаевна «Artificial intelligence – teacher’s digital assistant» тақырыбында ағылшын тілі сабақтарында тиімді қолдануға болатын Merge Cube қосымшасын таныстырып, оның мүмкіндіктерін демонстрациялады. Көкшетау қаласындағы Dostyq School мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, директордың ғылыми-әдістеме жұмысы жөніндегі орынбасары, колледж түлегі Маукаева Айдана Қуанышбаевна «Effective reading strategies» тақырыбында оқылым дағдысын тиімді дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді көрсетті. Сонымен қатар, шеберлік сынып барысында ағылшын бөлімінің IV курс студенттері тренингтер мен сергіту сәттерін өткізді.

Жұмадилова Ахмарал Марғұланқызы «Improving speaking skills in English lessons through semantic (meaningful) reading techniques» тақырыбында тапсырмалар ұсынды. Шеберлік сынып нәтижесінде ағылшын тілін оқыту саласындағы тиімді әдіс-тәсілдер талқыланып, тәжірибе жүзінде көрсетілді. Түлектер арасында кәсіби тәжірибе алмасу жүзеге асып, педагогикалық шеберлік деңгейі артты. Шара соңында шеберлік сынып қатысушылары сертификаттармен марапатталды.





2026 жылдың 20 мамыр күні Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» тақырыбында түлектер жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – функционалды сауатты, бәсекеге қабілетті, заманауи әдіс-тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық, инновациялық технологияларды меңгерген түлектердің жұмысқа орналасу сапасын арттыру, кәсіби құзыретті мамандар даярлау.

Жәрмеңке барысында IV курс студенттерінің кәсіби біліктілігі мен функционалды сауаттылығы бағамдалып, болашақ педагог мамандардың оқу кезеңінде жеткен жетістіктері мен тәжірибелері таныстырылды. Сонымен қатар, ұстаздық жолда еңбек етіп жүрген колледж түлектерімен кездесу ұйымдастырылып, кәсіби тәжірибе алмасу жүзеге асырылды.

Іс-шараның алғы сөзі колледж директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ілияс Данагүл Нұртайқызына беріліп, түлектерге сәттілік тілеп, қазіргі қоғамдағы педагог мамандығының маңыздылығына тоқталды.

Кездесу аясында директордың оқу-өндірістік жұмысы бойынша орынбасары Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы 2025-2026 оқу жылындағы бітіруші түлектер туралы статистикалық есеп ұсынып, мамандықтар бойынша бітірушілердің көрсеткіштерімен таныстырды.

«Мамандығым – мақтанышым» атты бөлімде түрлі мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттер өз мамандықтарының ерекшеліктері, артықшылықтары мен кәсіби мүмкіндіктері туралы мазмұнды ақпарат берді. Студенттер болашақ маман ретінде кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, таңдаған мамандықтарының қоғамдағы рөлін айқындады.

«Ойталқы: түлектер пікірі» алаңында колледж түлектері қазіргі еңбек жолындағы жетістіктері туралы баяндап, студенттерге кәсіби бағыт-бағдар берді. Кездесуге білім беру ұйымдарының басшылары, орынбасарлары, педагогтер мен мамандар қатысып, жас мамандарға қолдау білдірді.

Сонымен қатар, Ақмола облысы бойынша аудандық білім бөлімдерінің мамандары қатысып, «Еркін микрофон» бөлімінде білім саласындағы өзекті мәселелер мен кадрлық қажеттіліктер жөнінде пікір алмасты. Кездесу барысында бокс, күрес, биатлон, самбо және спорттық құзға өрмелеу бағыттары бойынша мамандарға сұраныс жоғары екендігі айтылды.

Әлеуметтік серіктестер тарапынан бос жұмыс орындары ұсынылды. Атап айтқанда, «Зерек» бөбекжайының өкілі Рахмонбердиева Дилфуза Сапараливна тәрбиеші маманына сұраныс білдірсе, Сандықтау ауданы Балкашино селосындағы «Мирас» балабақшасының өкілі Ашуркова Татьяна Михайловна



да тәрбиеші мамандарды жұмысқа шақырды. Сонымен қатар, қазақ тілі, ағылшын тілі мұғалімдері және аудармашы мамандарына қажеттілік бар екендігі де айтылды. Астрахан ауданы, Новый Колутон ауылының өкілі Аманжолова Бахыт Констанъиновна қазақ тілі мен әдебиеті, музыка және информатика пәндерінің мұғалімдеріне сұраныс бар екенін жеткізді.

Сандықтау ауданы, Балқашино селосындағы №1 мектеп директоры Анар Тлеубаевна білім беру ұйымына логопед маманы қажет екенін айтып, түлектерді жұмысқа шақырды.

Көкшетау қаласындағы №2 мектептің директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Баймағамбетова Римма Кенжеболатовнадан білім беру ұйымына екі логопед маманы қажет деген сұраныс хат келіп түсті.

Қорыта келгенде, білім берудің кешенді білім беру бағдарламасына, «Табысты түлек» жобасы бойынша барлық жоспарланған жұмыстар уақытында жүзеге асуда.

6. «Кәсіби бағдар жүргізу жұмыстары» бағыты бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі.

Көкшетау қаласының мектеп оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмыстары уақытымен жүргізіліп тұрады. І жартыжылдықта Әл Фараби атындағы ІТ мектеп-лицейінің және №13 «ЭКОС» мектеп-гимназиясының оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізіліп, 8 мамандық, 14 біліктілік бойынша ақпарат беріліп, колледж базасымен таныстырып, оқушыларға проспектілер таратылды.

2025 жылдың 12 қараша күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжіне №13 «ЭКОС» мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушылары кәсіби бағдар алу мақсатымен келді. Мектеп оқушыларына колледжде оқытылатын негізгі мамандықтар мен талапкерге қажетті құжаттар, білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының түрлері сипатталды. Колледж қабырғасында оқытылатын мамандық түрлері мен білім алу мерзімдері, бейіндік пәндер және шығармашылық емтихандар бойынша түсіндіру жұмыстары жүрді. Талапкерлерге колледж базасы бойынша экскурсия жасалды. Экскурсия кезінде оқушылар Робототехника негіздері мен 3D модельдеу, GlobalLink құзыреттілік орталығы, Құзыреттілік кампусы, салтанат залы, «Energy» фитнес залымен танысты. Оқушылар колледждегі білім беру мазмұны мен үдерісі бойынша сұрақтарына жауап алды.



2026 жылдың 5 ақпан күні Көкшетау қаласындағы №1 мектеп-гимназиясында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс аясында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің оқытушылары кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді.

Кездесуге колледж оқытушылары қатысып, ата-аналар мен білім алушыларға колледжде оқытылатын мамандықтар, оқуға түсу талаптары, сондай-ақ техникалық-кәсіптік білім берудің мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат ұсынды.

Шара барысында колледждің тыныс-тіршілігін таныстыратын ақпараттық бейнебаян көрсетіліп, таратпалы материалдар ұсынылды. Сонымен қатар ата-аналардың оқуға түсу және құжат тапсыру тәртібіне қатысты барлық сұрақтарына нақты әрі толық жауаптар берілді.



Ағымдағы жылдың 21 қаңтарында №13 ЭКОС мектеп-гимназиясында ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысының маңызды мәселелерінің бірі – колледж өкілдерінің білім алушылар мен ата-аналарды техникалық және кәсіптік білім алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруы болды.

Ата-аналар жиналысына Музыка бөлімі меңгерушісі Әсел Ғалымқызы Шайрахметова, Ағылшын тілі бөлімі меңгерушісі Айсара Жанатқызы Каппас, Филология кафедрасының жетекшісі Жәнібек Бердімұратұлы және информатика пәнінің оқытушысы Досай Жұмаханұлы Өтепбай қатысып, колледж бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарын таныстырды.

Кездесу барысында ата-аналарға колледжде оқытылатын мамандықтар мен оқуға түсу талаптары жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ бейнебаян көрсетіліп, ақпарат ұсынылды, ата-аналарға колледж туралы таратпалы материалдар таратылды. Ата-аналардың оқуға түсу және құжат тапсыруға қатысты туындаған сұрақтарына толық әрі нақты жауап берілді.

2026 жылдың 5 наурыз күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі кәсіби бағдар беру жұмысы аясында Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Қулықөл ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектеп және Береке ауылының мектептерімен 9, 11-сынып оқушылары мен педагогтеріне арналған онлайн кездесу өткізді. Іс-шара ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылды.



Кездесу барысында колледждің директордың практика жұмысы бойынша орынбасары Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы және бөлім меңгерушілері оқу орнының білім беру бағдарламалары, мамандықтары, оқу үдерісі мен студенттердің тәжірибелік даярлығы туралы жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар, колледжде білім алу мүмкіндіктері, оқу-өндірістік практика, студенттік өмір және болашақ мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы айтылды.

Онлайн кездесу барысында мектеп оқушылары өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, колледж өкілдерімен пікір алмасты. Мұндай кездесулер оқушыларға болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға бағыт-бағдар беріп, жоғары білім алуға деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Кездесуге 11-сынып негізінде 11 оқушы және 9-сынып негізінде 13 оқушы қатысып, кәсіби бағдар бойынша қажетті ақпарат алды.



2026 жылдың 31 наурыз күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі және логопедия» кафедрасының оқытушысы Өтепбай Жансая Қанатқызы, «Музыка» кафедрасының оқытушысы Салтанат Аманжоловна, «Информатика» кафедрасының оқытушысы Өтепбай Досай Жұмаханұлы, «Дене мәдениеті» кафедрасының оқытушысы Рақыш Даулет Қуаншыбекұлы кәсіби бағдар беру жұмыстары жоспарына сәйкес №2 орта мектеп-лицейіне барып, аталған оқу орнында 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Оқытушылар оқу орны туралы және мамандық таңдау мәселесі бойынша маңызды ақпараттармен бөлісті. Кездесуге 9-сыныптан 49 оқушы және 11-сыныптан 18 оқушы қатысты.

Білім алушыларға тақырыпқа сәйкес бейнероликтер мен презентациялар көрсетіліп, олар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

2026 жылдың 3 сәуір күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі және логопедия» кафедрасының оқытушысы Исакова Бахыт Жарматайқызы, «Тіл және әдебиет» кафедрасының оқытушысы Жабагинова Майра Канапьяновна, «Информатика» кафедрасының оқытушысы Камалиден Әйгерім Сағындыққызы және «Музыка» кафедрасының оқытушысы Закирьянова Әйгерім Ғабділмәжитқызы кәсіби бағдар беру жұмыстарының жоспарына сәйкес М.Ғабдуллин атындағы №3 мектеп-гимназиясының 9, 11-сынып оқушыларымен кездесу өткізді.



Оқытушылар тарапынан мамандықтар туралы бейнематериалдар көрсетіліп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Негізгі мақсат – оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс бағыт беру және еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптермен таныстыру болды.

Оқушылар белсенді қатысып, өздеріне қажетті көптеген мәліметтер алды.

Ағымдағы жылдың 6 сәуір күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің педагогтері №6 мектеп-лицейіне кәсіби бағдар беру мақсатында барды.

Аталған іс-шараға ағылшын бөлімі меңгерушісі Айсара Жанатқызы Каппас, шетел тілі кафедрасының оқытушысы Томирис Аманжолқызы Даирова, музыка кафедрасының оқытушысы Салтанат Аманжолқызы Шарипова және информатика кафедрасының оқытушысы Айдана Мейрамовна Қойшыбекова қатысты. Сонымен қатар кездесуге мектеп педагогтары да қатысып, кәсіби бағдар беру бағытындағы өзара ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.



Кездесу барысында педагогтер колледж туралы жан-жақты ақпарат берді. Іс-шараға мектептің 9, 10, 11-сыныптарының қазақ сыныптарынан барлығы 80 оқушы қатысты. Оқушыларға колледж туралы бейнебаян ұсынылып, оқу орнына түсу талаптары, қабылдау комиссиясына тапсыратын құжаттар тізімі, квота ерекшеліктері түсіндірілді.

Сонымен қатар, білім беру ұйымында оқытылатын мамандықтар туралы кеңінен мәлімет берілді.

Кездесу соңында талапкерлер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

2026 жылдың наурыз – маусым айларында апта сайын әлеуметтік желіге әр бөлім 1,5 минуттық кәсіби бағдар бойынша бейнеролик жариялап отырды.

<https://www.instagram.com/reel/DYwFB0oypW2/?igsh=Z2EwMzU4YTAza2V5> ,

<https://www.instagram.com/reel/DWYole3mg4S/?igsh=MW53bGl3NnpwMjRkMw>

== , <https://www.instagram.com/reel/DWq5-ncjnoY/?igsh=ZjhkY3lpc3llb2Z3> ,

<https://www.instagram.com/reel/DV0I6lCGhCv/?igsh=MXE4cmJneDhpY3hkNg>==

Қорыта келгенде, «Кәсіби бағдар жүргізу жұмыстары» бағыты бойынша жұмыстарды жоғары деңгейде өтті.

Білім алушылардың оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауда ағымдағы бақылау, аралық бақылау тест тапсырмалары және билет сұрақтары бойынша, ал қорытынды аттестаттау WorldSkills кәсіптік стандарты негізінде демонстрациялық емтихан түрінде және тест тапсырмалары арқылы жүргізіледі.

01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы

4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігіне арналған (Мектепке дейінгі тәрбие құзіреттілігі)

А модулі.

Модуль В . «Мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу»

Тапсырма. Балалардың шағын тобымен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін әзірлеу және өткізу ("Коммуникация", «Таным», білім беру салалары: акт жабдықтарын дидактикалық ойынды қоса отырып ҮІӨ).

Мақсаты: Балалардың шағын тобымен акт жабдықтарын, дидактикалық ойындарды қолданып ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін әзірлеу және өткізу.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, балаларды табиғатпен таныстыру және тіл дамыту әдістемелерінен ұсынылатын тақырыптар тізбесі:

Тақырыптар (Математика негіздері)

1. «10 көлемінде санау»;

2. «Кеңістікті бағдарлау».

Тақырыптар (Қоршаған әлеммен таныстыру):

1. «Жануарлар әлеміне саяхат»;

2. «Су асты әлемі».

Тапсырманы дайындауға арналған уақыт шегі: 3 сағат.

В модулі.

Тапсырма: Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін мерекеге арналған ақпараттық-таныстыру тақтасын дайындау.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мерекеге арналған ақпараттық-таныстыру тақтасын дайындау үшін материалдар мен мазмұнды сұрыптай білу қабілетін көрсету.

Күтілетін нәтиже:

1. 4-6 жастағы ересектер топқа сәйкес келетін мерекеге арналған ақпараттық-таныстыру тақтасының макетін дайындаудың рәсімделген мақсаты мен міндеттері.

2. Мерекеге арналып дайындалған ақпараттық-таныстыру тақтасының макеті.

Ұсынылатын тақырып:

- 1 Маусым – Балаларды қорғау күні
- 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні

«01130100 Логопедия» мамандығы, 5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры біліктіліктеріне арналған

А модулі. «Дыбыстарды машықтандыру»

Тапсырма:

1. Логопедиялық сабақтың SMART-мақсатын анықтау.

2. Логопедиялық сабақтың бейнелі жүйесін әзірлеу.

3. Логопедиялық сабақтың жоспарын әзірлеу және рәсімдеу.

4. Мультимедиялық контентті, логопедиялық сабаққа қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар таңдау және әзірлеу.

5. Кіріспе бөлімі туралы ойлану.

6. Логопедиялық сабақтың мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған әдістер мен тәсілдерді ойластыру.

7. Балалардың жасына және логопедиялық сабақтың мазмұнына сәйкес АКТ жабдықтарын таңдау.

8. Логопедиялық сабақтың мазмұнына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес АКТ технологияларын қолдана отырып дидактикалық ойын әзірлеу.

9. АКТ жабдықтарын қолдана отырып дидактикалық ойынды қоса отырып, сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету, дыбыстарды машықтандыру, сөйлеуді дамыту бойынша сабақты өткізу үшін дамушы, білім беру кеңістігін ойластыру және модельдеу.

10. Қауіпсіздік техникасы мен санитарлық нормаларды сақтау.

Күтілетін нәтиже:

1. Логопедиялық көрсетілетін жұмыс мақсаты мен міндеттері берілген жас ерекшелік тобына сәйкес рәсімделген сабақ жоспары.

2. Берілген тақырып бойынша көрнекіліктер дайындау, тақырыпты түсіндіре алу,

АКТ жабдықтарын пайдаланып логопедиялық жұмыс түрлерін өткізу.

3. Жас ерекшелік тобына сәйкес еріктілермен (ересек) кіріктірілген логопедиялық жұмыс түрін көрсету.

В модулі. «Сөйлеудің бұзылыстарына логопедиялық диагностика жүргізу»

Тапсырма:

«Сөйлеудің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностика» (дизартрия, дислалия, ЖСТД (жалпы сөйлеу тілінің дамымауы), тұтықпа)

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау үшін материалдар мен мазмұнды сұрыптай білу қабілетін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: Сөйлеудің бұзылыстары бар (дизартрия, ринолалия, алалия, тұтығу) балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностиканың сипаттамасы, құрылымы, дидактикалық материалдары және ұйымдастыру түрлері.

Тапсырманы орындауға берілетін уақыт шегі: 2 сағат 30 минут.

Тапсырманы қорғауға берілетін уақыт шегі: 10 минут.

Тапсырманы орындау алгоритмі:

1. Таңдалған сөйлеудің бұзылыстары бар (дизартрия, дислалия, ЖСТД, тұтықпа) балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностиканың тапсырмаларын жинақтау.

2. Таңдалған сөйлеудің бұзылыстары бар (дизартрия, дислалия, ЖСТД, тұтықпа) балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностиканың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

3. Таңдалған сөйлеудің бұзылыстары бар (дизартрия, дислалия, ЖСТД, тұтықпа) балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностиканың жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындау үшін мазмұнды таңдау.

4. Бақылауды іске асыру үшін материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау.

5. Логопедиялық диагностика мазмұнына сәйкес артикуляциялық, тыныс алу, ойын жаттығуларын, тапсырмаларды әзірлеу, жинақтау.

Күтілетін нәтиже:

1. Сөйлеудің бұзылыстары бар (дизартрия, дислалия, ЖСТД, тұтықпа) балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностика сипаттамасын игереді.

2. Сөйлеудің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін логопедиялық диагностика тапсырмаларын анықтап, жинақтай алады.

3. Сөйлеу картасын толтыра алады.

01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығы

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры біліктілігіне

А модулі.

Тапсырма: Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, бастауыш 2 сынып қазақ тілі, математика, дүниетану пәндері бойынша (пәндердің бірін таңдай отырып) оқу сабағының үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) әзірлеу, әдістемелік қамтамасыз ету және өткізу.

A1. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру

Мақсаты: Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру қабілетін көрсету. Нысанның сипаттамасы: интерактивті құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, сабақ үзіндісінің (жаңа білімді ашу кезеңі) қысқа мерзімді жоспары.

Тапсырма:

1. Сабақтың үзіндісінің мақсаты мен міндеттерін анықтаңыз;
2. Сабақ үзіндісінің кезеңдерін, сәйкес тапсырмаларды және жоспарланған нәтижелерді анықтаңыз;
3. Сабақтың фрагментінің құрылымы мен барысын әзірлеу;
4. Қысқа мерзімді жоспарға деректерді енгізіңіз (1-қосымшаны қараңыз);
5. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын басып шығарыңыз және оны мамандарға ұсыныңыз.

A2. Бастауыш 2 сынып қазақ тілі, математика, дүниетану пәндері бойынша (пәндердің бірін таңдай отырып) интерактивті жабдықты пайдалана отырып сабақтың үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) өткізу.

В модулі.

Тапсырма: Тәрбиенің бір бағыты бойынша (интернетсіз) білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін жоба паспортын әзірлеу және ұсыну.

Мақсаты: Бастауыш мектепте тәрбие бағыттарының бірі бойынша зерттеу қызметі жобасының паспортын әзірлеу және ұсыну қабілетін көрсету.

Тапсырманы ұсыну уақыты: 7 минут

Тапсырма:

1. Белгіленген мазмұн шеңберінде жобаның тақырыбын анықтаңыз.
2. Жобаның ғылыми аппаратын анықтау және тұжырымдау: өзектілігі, проблемасы, объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері, гипотезасы, зерттеу әдістері.
3. Қызметтің мазмұнын көрсете отырып, жоба бойынша жұмыс кезеңдерін анықтаңыз (дайындық кезеңі, негізгі кезең, қорытынды кезең).
4. Жобаның болжамды өнімін және практикалық маңыздылығын анықтаңыз.
5. Жобаның паспорттына деректерді енгізу.
6. Төлқұжатты басып шығарыңыз және оны сарапшыларға беріңіз.
7. Жобаның паспортын ұсыну.

Ескерту: паспорт Интернет желісінің материалдарын пайдаланбай әзірленеді.

Күтілетін нәтиже:

1. тәрбие бағыттарының бірі бойынша зерттеу қызметі жобасының паспортын жасай алу;

01140600Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы

4S01140601Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

А модулі.

Мақсаты: Тапсырма болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің арнайы құзыреттіліктерін бағалауға мүмкіндік береді. Оқу мазмұнын түсінуді және оны сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен байланыстыруды, мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыруды, сабақтың нәтижелерін қойылған мақсаттармен байланыстыра білуді, білім алушыларды оқу қызметіне ынталандыруды, оларды сабақты ұйымдастыруға қатыстыруды, оқытудың заманауи технологияларының элементтерін қолдана білу дағдыларын көрсету.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша тақырыптар:

5-сынып

1. Марат Қабанбаев «Бауыр» әңгімесі
2. Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?»
3. Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала»

6-сынып

1. Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат»
2. Сайын Мұратбеков «Жусан исі»
3. Қалмақан Әбдіқадіров «Қажымұқан»

7-сынып

1. Төлен Әбдіков «Қонақтар»
2. Мұхтар Шаханов «Нарынқұм зауалы»
3. С.Сарғасқаев «Тәмпіш қара» повестен үзінді

Қазақ тілі пәні бойынша ұсынылатын тақырыптар:

5-сынып

1. Балаға ат қою
2. Өсімдік және музыка
3. Бос уақытты тиімді пайдалану

6-сынып

1. Астана келбеті – ұлт келбеті
2. Су – тіршілік көзі
3. Спорт – өнер

7-сынып

1. Достықты сақтау жолдары
2. Әлеуметтік желілер
3. Ұлттар достығының ұйытқысы

В модулі.

Мақсаты: Студенттің қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білімін, жалпы мәдениетін арттыруды, сөйлеу мәдениетінің, кәсіби этиканың нормаларын меңгеруді, белгіленген уақытта және берілген шарттарға сәйкес үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді және үнемді жұмыс істеу қабілетін дамытуды көздейді.

Әдеби шығарманы сатылай кешенді талдау бойынша ұсынылатын тақырыптар:

5-сынып

1. Марат Қабанбаев «Бауыр» әңгімесі
2. Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?»
3. Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала»

6-сынып

1. Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат»
2. Сайын Мұратбеков «Жусан исі»
3. Қалмақан Әбдіқадіров «Қажымұқан»

7-сынып

1. Төлен Әбдіков «Қонақтар»
2. Мұхтар Шаханов «Нарынқұм зауалы»
3. С.Сарғасқаев «Тәмпіш қара» повестен үзінді.

Күтілетін нәтиже Лингвистикалық талдау (фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) және әдеби шығарманы сатылай кешенді талдау жұмыстарын көрсету.

01140700 Информатика

4S01140701Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

5AB01140401Информатика қолданбалы бакалавры

Модуль А. Информатика пәнінен сабақ үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңін) әзірлеу, әдістемелік қолдау және жүргізу.

Тапсырма 1. Информатика пәні бойынша таңдап алынған тақырыпқа сәйкес оқу сабағының қысқа мерзімді жоспарын құру.

Тапсырма 2. Информатика пәні бойынша оқу сабағының таңдап алынған тақырыпқа сәйкес жаңа материалды оқыту кезеңінің фрагментін өткізу.

Модуль В. Google сервистерін пайдалана отырып, мұғалімнің жеке web сайтын құру.

Тапсырма Google сервистерін пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша интернет ресурспен жұмыс жасай білуін көрсету.h

4S01140605 «Шетел тілі мұғалімі» біліктілігі

5AB01140303 «Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры» біліктілігі бойынша емтихан тапсырмалары

А модулі. Ағылшын тілі сабағын өткізу.

Тапсырма: Ағылшын тілі пәні бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрып, өткізу.

Мақсаты: ағылшын тілінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және сабақ жоспарына сәйкес заманауи білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып сабақтың үзіндісін өткізу іскерліктерін көрсету.

Күтілетін нәтиже:

1. Білім алушы қысқа мерзімді жоспардың мақсаты мен міндеттерін тиімді көздейді.
2. Жоспардың мақсатына сәйкес келетін іс-әрекеттер, тапсырмалар мен бағалауды тиімді ұйымдастыра алады.
3. Сабақ барысында педагогикалық әдеп пен нормаларды ұстанады.

4. Сабақ барысында мақсатқа жете алады.

В модулі. Лексикалық құзыреттіліктерді көрсету.

Тапсырма: Берілген тақырып бойынша ақпаратты жинақтап, таныстыру.

Мақсаты: Лексикалық және тілдік дағдыларды қолдана алу, өз ойын ағылшын тілінде анық жеткізе алу құзыреттілігін көрсету.

Күтілетін нәтиже:

1. Білім алушы берілген тақырып бойынша ақпаратты толық, мазмұнды сапалы құрастырып қорғай алады.
2. Сұрақтарға нақты жауап береді.
3. Өз ойын анық жеткізеді.

А модулі. Мектептегі музыка сабағы

Тапсырма: 1. Музыка пәні бойынша оқу сабағының (жаңа материалды оқыту кезеңі) дайындау және өткізу

2. Сабаққа қажетті оқыту құралдарын әдістемелік, дидактикалық материалдарын қолданып, музыка пәні бойынша (жаңа материалды оқыту кезеңін) өткізу.

Мақсаты: : 1. қысқа мерзімді сабақ жоспарын құра білу қабілетін көрсету

2. музыка пәні бойынша оқу сабағының дайындау және өткізу

Тапсырма:

1. 1-6 сыныптардағы музыка пәні бойынша оқу сабағының (жаңа материалды оқыту кезеңі) жоспарын құру.

2. Сабаққа қажетті оқыту құралдарын әдістемелік, дидактикалық материалдарын қолданып, музыка пәні бойынша (жаңа материалды оқыту кезеңін) өткізу

В модулі. Балабақшадағы музыка сабағын ұйымдастыру және өткізу

Тапсырма: Балабақшадағы музыка сабағын ұйымдастыру және өткізу

Мақсаты: 1. Сабақтың технологиялық картасын құра білу қабілетін көрсету

2. Музыка сабағын дайындау және өткізу

Тапсырма:

1. Балабақшадағы ересек топтағы балаларға арналған музыка сабағының тех. картасын құру.

2. Сабаққа қажетті оқыту құралдарын әдістемелік, дидактикалық материалдарын қолданып, балабақшадағы ересек топтағы балаларға арналған музыка сабағын өткізу

Күтілетін нәтиже

1. Балабақшадағы ересек топтағы балаларға арналған музыка сабағының тех. картасы

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

Колледжде оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңының «Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру» 28-бабына, оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкесжүзеге асырылады. Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Колледжде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдары және әрбір айға оқытушының жұмыс уақытын есепке алу ведомосі, педагогтің бір жылдағы оқу уақытын есепке алу ведомосі College SmartNation бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі білім алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Колледжде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартының талаптарына сәйкес әр мамандық бойынша білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған. Консультация білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде білім алушыларға көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу сабақтарының нысаны ретінде айқындалған. Әр мамандық бойынша консультация оқу жылына 100 сағаттан аспайды және аралық, қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар консультация өткізу мерзімі аралық, қорытынды аттестаттау кестелерінде көрсетіледі.

Колледжде білім алушы студенттердің қызығушылықтарына қарай танымдық қабілетін арттыру мақсатында факультатив пәндері қосымша жүргізіледі. Факультативтерге жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес аптасына 4 сағаттан аспайтын сағаттар бөлінген. Факультативтік пән есебінен үйіре-клуб, секциялық жұмыстар жүзеге асырылуда.

Факультативтік сабақтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 18 қаңтарындағы №24 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында қызығушылықтары бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі. Колледжде филология бөлімі студенттеріне қосымша білім беретін, әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып жеке тұлға қалыптастыру мақсатында «Ақ қауырсын» поэзия клубы, студенттерді қолөнер түрлерімен таныстыра отырып, креативтілік, шығармашылыққа баулу, еңбекке деген қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту мақсатында «Алтын оймақ» қолөнер үйірмесі, студенттердің рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық көркемдік, адамгершілік, ауызша сөйлеу мәдениетін оқырмандық көрермендік

талғамдарын қалыптастыру, театрлық ойын әрекеті құралдарын жүйелі қолданып балалар шығармаларының әртүрлі жанрларын театрлық көріністерін арқылы іске асыруда «Сиқырлы әлем» қуыршақ театры, студенттердің ақпараттық технологиялары мен қашықтықтан оқыту салсында практикалық дағдыларын қалптастыру және дамыту мақсатында «ІТ Еріктілер» клубы, студенттердің педагогикалық тәжірибеден өтуіне машықтандыруға бағытталған «Айшуақ» педагогикалық жасағының жұмыстары оқу жылының басында бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Студенттерге факультативтік пән таңдау барысында пән оқытушылары немесе топ жетекшілері тарапынан консультативтік кеңес беріледі. Соған сәйкес, колледж студенттері өздері қалаған факультативтік пәнге жазылып, қатыса алады. Факультативті жүргізу барысында арнайы факультатив мүшелерінің қатысу журналы жүргізіліп, факультатив жетекшілері бекітілген жоспар бойынша жүргізілген сабақтарының тақырыптарын журналға енгізеді.

